

Терекбаева Ж.М.

**Еуразия даласында тараған  
екі дөңгелекті арбалар кешені  
(археологиялық материалдар  
негізінде)**

Мақалада Еуразия даласында мекендеген көне тайпалардың тұрмысы мен шаруашылығында етене енген арбалардың құрылымы, олардың қарқынды дамуы, қайнар көзі мен тарихы жөніндегі мәселелер қарастырылады. Арба – біздің түсінігімізше атқа, өгізге, есекке жегілген екі дөңгелекті көлік, сонымен қатар иесінің әлеуметтік мәртебесін анықтауда, соғыс барысында, аңшылықта, спорттық іс-шараларда, ғұрыптық салт-жоралғыларда пайдаланады. Ежелгі үндіевропалықтардың мифологиялық түсініктерінде екі дөңгелекті арбаның ағаш күпшегі күнмен байланыстырылады. Көбінесе көне халықтардың дүниетанымында екі дөңгелекті арбалар о дүниемен байланыстырылып қарастырылады. Атқа жегілген арба сол заманның ұшқыр көлігі және мәңгілік айналу циклыларын көрсететін күнмен байланысы бар. Сонымен қатар арбалардың қоғамдағы қызметі әскери және ғұрыптық салт-жоралғылар сипатында ғана ие болды.

**Түйін сөздер:** арба, көлік, аңыз, ғұрыптық салт жоралғы, екі дөңгелекті арба.

Terekbaeva Zh.M.

**Two-wheeled carts Eurasian  
steppes (according to  
archaeological materials)**

This article is devoted to its main component – the chariot and sources that allow it to conclude that the invention, the existence, structure and history of the Eurasian steppes in the Bronze Age. In our understanding, the chariot – is drawn bridled horses, pole provided with two wheels with spokes carriage open tricycle body used to the war, hunting, sports, ritual ceremonies, as well as a marker of social status of the owner. The image of the horse chariot is one of the most ancient archetypes, firmly rooted in mythology, religion and art of the Indo-European peoples. In the mythology associated with the chariot sled heavenly gods and the sun. Equally important carts and chariots, in particular, have played in the funeral rites of the ancient peoples.

**Key words:** carriage, transport, mythology, two-wheeled carriage, a funeral rite.

Терекбаева Ж.М.

**Двухколесные повозки Евразийских степей (по археологическим материалам)**

Данная статья посвящена рассмотрению источников о колеснице, позволяющих сделать соответствующие выводы об изобретении, конструкции и их истории в степях Евразии в эпоху бронзы. В нашем понимании колесница – это запряженная везданными лошадьми, дышловая, снабженная двумя колесами со спицами повозка с открытыми трехбортным кузовом, используемая для войны, охоты, спортивных мероприятий, ритуальных церемоний, а также в качестве маркера социального статуса владельца. Образ конной колесницы является одним из древнейших архетипов, прочно укоренившимся в мифологии, религии и искусстве индоевропейских народов. В мифологии с колесничной упряжкой ассоциируются небесные боги и солнце. Не менее важную роль повозки и колесницы в частности играли в погребальном обряде древних народов.

**Ключевые слова:** повозка, транспорт, мифология, двухколесная повозка, погребальный обряд.

**ЕУРАЗИЯ  
ДАЛАСЫНДА ТАРАҒАН  
ЕКІ ДӨҢГЕЛЕКТІ  
АРБАЛАР КЕШЕНІ  
(археологиялық  
материалдар негізінде)**

Адамзат баласы дамусыз бір күн өмір сүре алмаса керек. Қоғам дамыған сайын, адам баласының қолынан небір ғажап дүниелер шығады. Оның бәріне жетекшілік етіп отырған – адам баласының о баста ашқан жаңалықтары мен ойлап тапқан дүниелері. Аталған дүниелердің бірі тұрмыстан шығып кетіп жатса, енді бірі әлі күнге дейін өз бағасын сақтап қала бермек. Мәселен, ертеден келе жатқан – дөңгелек. Дөңгелектің пайда болуы көлік-қатынас, тасымал жүйесінің қарқынды дамуына әкеліп соқты. Адамзат үдерісінің дамуын және осыған байланысты көптеген ашылуларды дөңгелексіз елестету мүмкін емес.

Еуразия даласында мекендеген ежелгі тайпалардың тұрмыс-тіршілігінде, шаруашылығында атқа, өгізге, есекке жегілген арбалардың орны ерекше болған. Оған айғақ ретінде археологиялық зерттеу жұмыстары барысында ерте қола дәуірінің жерлеу дәстүрлерінде дөңгелекті арбалардың қаңқалары мен жылқы сүйектері кездесе бастады. Сонымен қатар жазба деректері мен петроглифтерде біршама мәліметтер кездестіруге болады.

Қазақ халқының тұрмысында маңызды орын алған көліктердің бірі арба болған. Арба түрі қазақ жерінде ертеден белгілі. Көшпелі қазақ халқының арбалары екі түрге бөлінген, олар екі дөңгелекті арба және үлкен төрт дөңгелекті ірі арба болған.

Ғалымдардың айтуынша, дөңгелектің формасы алғашында біркелкі, диск тәріздес болған, кейіннен дөңгелекті күпшектер және тіреме ағаштармен қоса жасалған түрлері дами бастаған [1, с. 147]. Ежелгі үндіевропалықтардың мифологиялық түсініктерінде екі дөңгелекті арбаның ағаш күпшегі күнмен байланыстырылады. Көбінесе көне халықтардың дүниетанымында екі дөңгелекті арбалар о дүниемен байланыстырылып қарастырылады. Атқа жегілген арба сол заманның ұшқыр көлігі және мәңгілік айналу циклдарын көрсететін күнмен байланысы бар. Сонымен қатар арбалардың қоғамдағы қызметі әскери және ғұрыптық салт жоралғылар сипатында ғана ие болды.

Екі дөңгелекті арбаны атқа жегу дәстүрі б.з.д. II мың.ж. – қола дәуірінде, негізінен Еуразия даласында пайда бола бастады.

Қола және ерте темір дәуірлерінің жерлеу орындарында табылған жәдігерлерден соғыс арбаларының суреттері мен қалдықтары көптеп кездеседі.

Жалпы екі дөңгелекті арбалардың таралу ошағы, шыққан жері жөнінде әлі күнге дейін ғалымдар арасында талас тудыруда. Екі дөңгелекті арбалар кешені Еуразия даласында кеңінен таралуының бірден-бір себебі, сол уақыттағы металл өңдеу өндірісінің қарқынды дамуымен байланысты болды. Сонымен қатар шаруашылық экономикалық байланыстардың нәтижесінде дамығандығын айта аламыз. Екі дөңгелекті арбалар кешенінің Еуразия даласында таралу генезисіне байланысты зерттеулер Шығыс Еуропа мен Қазақстанның солтүстігінде жүргізілді. Бұл негіздер Орал мен Қазақстан жерінде жүргізілген ауқымды зерттеу жұмыстарының нәтижесіне анықталды. Дәлірек айтар болсақ, Ресейдің шығысы мен Қазақстанның солтүстігінде ерте қола дәуірлерінде тараған сынтасты және Петров мәдениеттері дәлелдей түседі.

Көлік-қатынас құралдары жөнінде өткен ғасырдың 70-80-ші жылдары Ресейдегі Челябинск облысы, Бредин ауданындағы Сынтасты кешеніндегі жүргізілген қазбалар нәтижесінде зерттеу жұмыстары басталған болатын. Сынтастыдан табылған материалдар ғылыми айналымға енгізіліп, құнды мәліметтер алына бастады. Жаратылыстану ғылымының әдісіне сүйене отырып, Сынтасты мәдениетіндегі археологиялық мәліметтерінің мерзімделуі б.з.д. 2030-1740 (2300-1400) жж. жатқызды. Ал Петров мәдениеті генетикалық тұрғыдан сынтасты мәдениетімен байланысты және оның «дөңгелекті дәстүрі» қайталаынады. Қазіргі таңда 4 арбаның қалдықтары жөнінде табылымдар жинақталды [2, с. 480–500]. Сонымен қатар 1970 жылдардың соңында Орал-Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі Г.Б. Здановичтың зерттеуімен Есіл өзенінің жағалауынан Петров мәдениетіне жататын Бірлік II, Ұлыбай қорымдары зерттелді [3, 110 б.]. Соңғы археологиялық зерттеулер Қазақстан жерінде екі дөңгелекті арбалардың таралу аймағын кеңейтті. Соның бірі В.А. Новоженовтың зерттеулері нәтижесінде 1994 жылы Кеңес және Сатан қорымдарында екі дөңгелекті арбалар табылған болатын.

Е.Е. Кузминаның зерттеулерінде Еуразия далалы, жазықты өңірлерінде екі дөңгелекті арбалардың 200 см жететін жалпақ түрлері болғанын айтады [4, 68 б.]. Деректерге сүйене отырып, екі дөңгелекті арбалардың жалпы көрінісі мен техникалық ерекшеліктерін айқындауға болады. Арба – екі дөңгелекті ағаш арба, габариті 95-200 (ені) x 260-280 (ұзындығы) x 130-150 (биіктігі) см. құрайды. Дөңгелекте кем дегенде 9-12 ге дейін шабақ кездеседі. Дөңгелектердің жүрісі

жұмсақ болу үшін сыртын терімен қаптаған. Бұны Қазақстан жерінен табылған Сатан I қорымының табылымдары дәлелдейді. Олардың диаметрі 80-100 см. құраған.

Таяу Шығыстағы гиксоктардың Египетті жаулап алуы кезінде яғни б.з.д. XVIII-XVI ғасырларда екі дөңгелекті арба кешені кездесті. Сол уақыттағы Сирия, Полестина және Египет жеріндегі соғысқа арналған екі дөңгелекті арбалар кешенінің ат әбзелдері мен басқа бөлшектерінің жақсы дамыған түрлерін көруімізге болады. Ал Греция жерінде кештеу дамыды, яғни б.з.д. XVI ғасырда кездеседі. Негізгі табылымдар Микен жеріндегі IV Шахталық жерлеу орнымен байланыстырады. Қытай жеріндегі Аньян провинциясынан табылған Шан дәуірінің екі дөңгелекті арбалары ғалымдардың пікірінше б.з.д. XIV-XIII ғасырлармен мерзімдейді [5, с. 63].

Тарихымызда алғашқы жаһандану Солтүстік Еуразия қола дәуірінде болған. Осы процестердің барысында көлік-қатынас құралдарының дамуына, жылқы шаруашылығының күрделенуіне, сондай-ақ қола металлургиясының дамуына әкеліп соқты. Еуразия даласында б.з.д. IV-III мың жылд. жылқыны салт мінуге және арнайы күште пайдалану мақсатында қолға үйретіле бастады [5, с. 64]. Жылқы ауыздықталған кезінен бастап қоғамның дамуын тездетті. Нәтижесінде жылқыны қолға үйрету арқылы адамзат дөңгелекті ойлап тапты. Дөңгелек кейінірек бүкіл техниканың ең басты тетігі болды [6]. Сөйтіп, Шығыс Еуропа даласында б.з.д. XXIII-XX ғғ. аралығында ат арбаның пайда болғанына әкеліп соқты [5, с. 64].


Қазіргі таңда Қазақстанның солтүстігі мен орталық өңірлерінде қола дәуірінің ерте кезеңдерімен мерзімделетін біршама ескерткіштерден екі дөңгелекті арбалар кешені табылуда. Жалпы археология ғылымында екі дөңгелекті арба кешені деген ұғым бар. Екі дөңгелекті арба кешені дегеніміз – аттың және атқа жегілген арбаның саймандарымен коса оның үстіндегі қару-жарақтары бірге жүреді. Археологиялық мәліметтер бойынша екі дөңгелекті арба кешеніне жылқы сүйегі, ат әбзелдері және жақын қашықтықта қолданылатын қару-жарақтар жатқызылады.

Екі дөңгелекті арбаларды сонымен бірге петроглифтердегі суреттер де дәлелдей түседі. Орта Азия мен Монғолия территориясынан және басқа да көршілес өңірлерден осы екі дөңгелекті арбалардың кездесуі жөнінде В.А. Новоженовтың «Чудо коммуникации и древнейший колесный транспорт Евразии» атты еңбегінде ауқымды түрде қарастырған.

Екі дөңгелекті арбалар дамып, тарала бастаған уақыттан бастап жартастарда суреттеле бастады. Б.з.д. II мың.ж. ортасымен мерзімделетін Оңтүстік Қазақстандағы Құлжабасы тауларында сирек кездесетін дөңгелектер мен бұқаларға жегілген арбалардың суреттері табылды. Сонымен қатар Жетісудың шығыс аудандарында дөңгелекті көліктердің көптеген суреттері кездеседі. Ешкіөлмес тауларында жүзден астам суреттер бар, соның ішінде жылқыға жегілген арбалардың суреттері көрсетілген (2-сурет). Ал Құлжабасы тауларында көбінде өгіздер мен жылқылар суреттелген. Өгізге жегілген арбалар Тамғалы және Саймалы-Таста-

ғы тастардан да табылды. Бірақ Саймалы-Тастағы дөңгелекті көліктер мен арбалардың барлығы дерлік екі дөңгелекті болып келген [7], ал Құлжабасы тауларындағы петроглифтерде төрт дөңгелекті және соғыс арбалары кездесті. Саймалы-Тас петроглифтері Қазақстан мен Қырғызстан территориясындағы ең ежелгі суреттер болып табылады.

Қазақстан территориясындағы жартастағы арбалардың суреттерінің мерзімделуі әртүрлі. Мысалы, Ақбауыр арбалары энеолит дәуірімен, Шығыс Қазақстандағы арбалар б.з.д. II мың.ж. ортасы – I мың.ж. басымен, Мойнақтағы бір білікті арбалар б.з.д. II мың.ж. мерзімделеді.



а



ә

1 а, ә-сурет – Түйеге жегілген екі дөңгелекті арбалар. Жамбыл облысы. Қаратау петроглифтері



2-сурет – Алматы облысы. Ешкіөлмес петроглифтері



3-сурет – Батыс Қазақстан облысы. Тақсай I қорған кешені. Ағаш тарақта бейнеленген екі дөңгелекті арба

Б.з.д. II-III мың.ж. жүк таситын арбаларды қолдана бастаған, ал б.з.д. II мың.ж. Орта Азия аймақтарында соғыс арбалары кеңінен тараған. Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының бастауымен 2012-2013 жылдары Тақсай I кешенінің №6 қорғанды қазу барысында б.з.д. VI-V ғғ. мерзімделетін сармат әйелінің жерлеу орыны ашылды. Қазба барысында алтын бұйымдар, киім-кешектер, тауешкінің мүсіні, сонымен қатар ағаштан жасалған тарақ табылды. Тарақтың «сабы» атқа жегілген арбаның үстінде садақшы салт атты мен қарсыласының суреті көмкерілген (3-сурет). Яғни арба үстіндегі тартысты, соғысты бейнелейтін көрініс соғыс арбаларының кеңінен сұраныста болғанын дәлелдей түседі.

Еуразия далаларында археологиялық зерттеулердегі ашылымдарының негізінде екі дөңгелекті арбаларды екі топқа бөліп қарауымызға болады. Біріншісі – қабір ішіне арнайы қойылған

арбалар, ал екіншісі – сол арбаның бір бөлшегі ретінде, сұлбасы, яғни дөңгелектері, ат әбзелдерінің бөлшектері (ауыздық, сулық және т.б.) қойылған жерлеу орындары. Бұл табылымдар Петров мәдениеті мен абашев-покров мәдениеттерінің жерлеу орындарында кездеседі [8, 22 б.].

Жалпы алғанда екі дөңгелекті арбалар кешені Еуразияның далалы аймақтарында жылқыны қола үйретумен қатар, салт міну, арбаға жегу қола дәуірінде қалыптасты деуге негіз бар. Екі дөңгелекті арбалар кешенінің таралу жөніндегі мәселелер, адам баласына күнделікті тұрмыста қаншалықты қажет тудырғандығы жөнінде археологтар, этнографтар тарапынан әлі де болса зерттеуді қажет етеді. Археологиялық қазба мәліметтерін пайдалана отырып, жаратылыстану ғылымдарымен байланыстыра отырып, кешенді түрде зерттеу, сонымен қатар петроглифтердегі суреттермен салыстыра, сабақтастыра қарастыру бүгінгі ғылым үшін өзекті болып табылады.

#### Әдебиеттер

- 1 Байпаков К.М. По следам древних колесниц. «Tengri», – № 5 (58). – 2015 г. – С.147-151.
- 2 Епимахов А.В., Чечушков И.В. «Горизонт колесничных культур» Северной Евразии: Поэтическая метафора и историческое содержание // Вестн. истории филологии и культуры. 2008. Вып. 22. – С. 480–500.
- 3 Зданович Г.Б. Щитковые псалы Среднего Поишимья // Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. Челябинск: Изд-во БашГУ, 1985. – С. 183-202.
- 4 Кузьмина Е.Е. Колесный транспорт и проблемы этнической и социальной истории древнего населения южнорусских степей // ВДИ. – №4. – С. 68-87.
- 5 Чечушков И.В. Колесницы Евразийских степей эпохи бронзы / Вестник археологии, антропологии и этнографии. – 2011. – №2 (15). – С.57-64.
- 6 Тохтабай А.У. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі жылқы феномені: тар.ғыл.докт... дис. автореф. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. – Алматы, 2010. www.iie.kz/userfiles/avtoref\_toktabay.doc
- 7 Шер Я.А. К интерпретации сюжетов некоторых петроглифов Саймалы-Таша // Культура Востока. Древность и раннее средневековье. – Л., 1978.
- 8 Ковалевская В.Б. Конь и всадник пути и судьбы. АН СССР Институт востоковедения. Издательство «Наука». Главная редакция восточной литературы. – Москва, 1977. – С. 6-22.

#### References

- 1 Bajpakov K.M. Po sledam drevnih kolesnic. «Tengri», – № 5 (58). – 2015 g. – S.147-151.
- 2 Epimahov A.V., Chechushkov I.V. «Gorizont kolesnichnyh kul'tur» Severnoj Evrazii: Pojeticheskaja metafora i istoricheskoe sodержanie // Vestn. istorii filologii i kul'tury. 2008. Vyp. 22. – S. 480–500.
- 3 Zdanovich G.B. Shhitkovye psalii Srednego Poishim'ja // Jeneolit i bronzovyy vek Uralo-Irtyshskogo mezhdurech'ja. Cheljabinsk: Izd-vo BashGU, 1985. – S. 183-202.
- 4 Kuz'mina E.E. Kolesnyj transport i problemy jetnicheskoj i social'noj istorii drevnego naselenija juzhnorusskih stepej // VDI. – №4. – S. 68-87.
- 5 Chechushkov I.V. Kolesnicy Evrazijskih stepej jepohi bronzy / Vestnik arheologii, antropologii i jetnografii. – 2011. – №2 (15). – S.57-64.
- 6 Tohtabay A.U. Qazaq halqynyn dastyrlı madenietindegi zhylyq fenomenı: tar.gyl.dokt... dis. avtoref. Sh.Sh. Ualihanov atyndagy Tarih zhane jetnologija instituty. – Almaty, 2010. www.iie.kz/userfiles/avtoref\_toktabay.doc
- 7 Sher Ja.A. K interpretacii szuzhetov nekotoryh petroglifov Sajmaly-Tasha // Kul'tura Vostoka. Drevnost' i rannee srednevekov'e. – L., 1978.
- 8 Kovalevskaja V.B. Kon' i vsadnik puti i sud'by. AN SSSR Institut vostokovedeniya. Izdatel'stvo «Nauka». Glavnaja redakcija vostochnoj literatury. – Moskva, 1977. – S. 6-22.